



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар
кеңесінің 2019 жылғы 7 наурыздағы
шешімімен бекітілген,
№3/2019 хаттама

**2018 ЖЫЛ ІШІНДЕГІ
ЖҰМЫС ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША
«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ
ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР КОМИТЕТІНІҢ
ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

Мазмұны

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ	3
Комитеттің құрамы	3
Комитет мүшелері	3
Комитет мүшелерінің тәуелсіздігі	3
Комитеттің ролі	3
КОМИТЕТТІҢ 2018 ЖЫЛДАҒЫ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТІ	4
Комитет мүшелерінің 2018 жылы өткізілген отырыстарға қатысуы.....	6
ҚОРЫТЫНДЫ	7

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Сіздің назарыңызға «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – ҚМГ мен Комитет, тиісінше) қызметі туралы жыл сайынғы есебін ұсынамыз.

Комитет ҚМГ ДК консультативтік-кеңес органы болып табылады және оның барлық шешімдері ҚМГ ДК қарауына шығарылатын мәселелер бойынша ұсынымдар болып табылады.

Комитеттің құрамы (2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)

Комитет Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар ДК мүшелерінен және сарапшыларынан құрылады. Комитет, кем дегенде, үш мүшеден тұрады, олардың көбісі тәуелсіз директорлар болуы тиіс. Комитеттің құрамын ҚМГ ДК сайлайды, бұл ретте, тәуелсіз директор Комитет төрағасы болып сайланады. Комитеттің құрамы ҚМГ ДК 2018 жылғы 31 мамырдағы шешімімен Филип Дэйер Комитеттің мүшесі болып сайланып, өзгертілді.

Комитет ҚМГ ДК 5 мүшесінен тұрады:

Баймұратов Ерлан Оразгелдіұлы — Комитет төрағасы, ҚМГ ДК мүшесі — тәуелсіз директор.

Уолтон Кристофер Джон – Комитет мүшесі, ҚМГ ДК мүшесі — тәуелсіз директор.

Уайт Стивен Джеймс — Комитет мүшесі, ҚМГ ДК мүшесі — тәуелсіз директор.

Дайер Филип Джон - Комитет мүшесі, ҚМГ ДК мүшесі — тәуелсіз директор.

Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы – Комитет мүшесі, ҚМГ ДК мүшесі — «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіруші.

Комитет төрағасы - Баймұратов Ерлан Оразгелдіұлы, сондай-ақ Комитет мүшелері Уолтон Кристофер Джон, Уайт Стивен Джеймс пен Дайер Филип Джон ҚМГ ДК тәуелсіз директорлары болып табылады.

Комитет хатшысының функцияларын ҚМГ корпоративтік хатшысы жүзеге асырады.

Комитеттің ролі

Комитеттің міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері ішкі ережелерде ашылған.

Комитет:

- ҚМГ ДК мен Басқармасының сабақтастығын жоспарлау;
- Басқарма мүшелеріне сыйақы беру;
- Басқарма мүшелері қызметінің уәджемелік негізгі көрсеткіштері;
- ҚМГ ДК, Басқармасының, Корпоративтік хатшысы мен өзге де қызметкерлерінің қызметін үнемі және объективті бағалауды қамтамасыз ету;
- тиімді кадр саясатын, еңбекақы мен сыйақы төлеу жүйесін, әлеуметтік қолдауды, ҚМГ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің кәсіби дамуы мен оқуын қамтамасыз ету мәселелерін әзірлейді және олар бойынша ұсынымдарды ҚМГ ДК-ге береді.

КОМИТЕТТІҢ 2018 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТІ

Отырыстар

Комитет жылына кем дегенде төрт рет іштей отырыс өткізеді.

2018 жылда ҚМГ ДК ұсынымдар берген 71 мәселе қаралған 10 отырыс өткізілді.

Комитеттің отырыстарында, өзгелерден басқа, төмендегі мәселелерді қарап, олар бойынша ұсынымдарды ҚМГ ДК-ге береді:

- ✓ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының құрамы туралы.
- ✓ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің құрамы туралы.
- ✓ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Комитеттері туралы.
- ✓ ЕТҰ байқау кеңестері туралы («ҚазМұнайТеңіз» ТМК ЖШС, «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС).
- ✓ ЕТҰ бірінші басшыларының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы («АстанаГаз ҚМГ» ЖШС, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС).
- ✓ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Комплаенс қызметінің мәселелері бойынша:
 - ҚМГ Комплаенс қызметі туралы ережені бекіту;
 - ҚМГ Комплаенс қызметінің басшысы лауазымының грейді;
 - Комплаенс басшысын конкурстық іріктеу жұмысының мәртебесі;
 - ҚМГ Комплаенс қызметінің басшысын тағайындау;
 - ҚМГ Комплаенс қызметінің лауазымдық нұсқаулығын бекіту.
- ✓ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Омбудсменінің мәселелері бойынша:
- ✓ - ҚМГ Омбудсменінің лауазымдық нұсқаулығын бекіту;

- ✓ - ҚМГ Омбудсменінің лауазымына кандидатуралар.
- ✓ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлерінің уәждемелік карталары мен олардың 2018 жылғы мақсатты мәндері туралы.
- ✓ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысының уәждемелік карталары мен олардың 2018 жылғы мақсатты мәндері туралы.
- ✓ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ орталық аппаратының құрылымын бекіту туралы.
- ✓ Директорлар кеңесі мүшелерінің конференцияларға, Форумдарға және т.б. қатысуын төлеу мүмкіндігі жөніндегі ақпарат.
- ✓ 2017 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлеріне берілетін сыйақы мөлшерін белгілеу туралы.
- ✓ «ҚМГ» Барлау Өндіру» АҚ-тан ҚМГ-ге қабылданатын қызметкерлерге арналған жалақы төлемінің деңгейін белгілеу тәсілдері туралы.
- ✓ ҚМГ Корпоративтік хатшысы қызметінің есептері туралы.
- ✓ Директорлар кеңесінде талап етілетін дағдылар мен тәжірибе.
- ✓ Лауазым грейдтері туралы, Грейдтеу негізінде еңбекақы төлеу жүйесіне көшірілген ҚМГ қызметкерлерінің лауазымдары бойынша лауазымдық айлықақы схемалары.
- ✓ ҚМГ Директорлар кеңесінің мәселелерін Комитеттерге беру туралы.
- ✓ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2018-2028 жылдарға арналған кадр саясаты туралы.
- ✓ ҚМГ-нің 2017-2021 жылдарға арналған кадр саясатын іске асыру туралы есеп.
- ✓ ҚМГ іскерлік этика кодексі туралы.

Комитеттің жұмысына қатысу үшін Комитеттің отырыстарына дауыс беру құқығы берілмеген ҚМГ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері шақырылды. ҚМГ Директорлар кеңесі Комитет әзірлеген ұсынымдардың әрқайсысын қабылдады.

Комитет мүшелерінің 2018 жылда өткізілген отырыстарға қатысуы											
Комитет отырысының нөмірі мен күні	1/2018 24.01	2/2018 15.02	3/2018 28.03	4/2018 10.05	5/2018 30.05	6/2018 25.07	7/2018 13.09	8/2018 02.10	9/2018 23.10	10/2018 28.11	Қатысу %
Ұзақтылығы	10.00-11.20	13.30-14.30	10.00-10.30	12.00-14.00	14.00-15.00	10.00-11.50	15.00-15.30	15.50-18.40	10.00- 11.00	14.00- 16.55	
Комитет мүшесінің аты-жөні											
Баймұратов Е.О.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100%
Уолтон К.Д.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100%
Уайт С.Д.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100%
Қарабалин Ұ.С.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100%
Дэйер Ф.Д.	<i>Комитеттің құрамында жоқ</i>					+	+	+	+	+	100%

2019 жылғы 4 қаңтардан бастап, Баймұратов Е.О. ҚМГ ДК мүшесі ретінде өз өкілеттіктерін тоқтатты және Дэйер Ф.Д. Комитет төрағасының міндетін атқарушы ретінде сайланды.

ҚОРЫТЫНДЫ

2018 жылы Комитет:

- өз жұмысында ҚМГ Жарғысын, ҚМГ корпоративтік басқару кодексі мен ішкі ережелерді басшылыққа алды;
- ҚМГ Директорлар кеңесінің жұмысына жәрдем көрсетті; және
- оның алдында қойылған мақсаттар мен міндеттерді толық шамада орындады.

Комитеттің төрағасы

Филип Дэйер